

**"Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының жалауы мен рәмізінің, ведомствоның аумақтық бөлімшелері мен білім беру ұйымдары жалауларының сипаттамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 7 қыркүйектегі № 545 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының жалауы мен рәмізінің, ведомствоның аумақтық бөлімшелері мен білім беру ұйымдары жалауларының сипаттамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*

**Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының жалауы мен рәмізінің, ведомствоның аумақтық бөлімшелері мен білім беру ұйымдары жалауларының сипаттамасын бекіту туралы**

"Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 2-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосы жалауының;
- 2) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосы рәмізінің;
- 3) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері жалауларының;
- 4) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының білім беру ұйымдары жалауларының сипаттамалары бекітілсін.

2. "Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары жалауларының сипаттамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 25 шілдедегі № 867 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 46-47, 459-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Н.Назарбаев*

## **Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосы жалауының сипаттамасы**

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының жалауы екі жақты матадан, ағаш саптан және шашақтары бар баудан тұрады.

Жалаудың матасы тік бұрышты, көлемі: ұзындығы – 150 см, ені – 100 см, көгілдір түсті жібек файдан екі бүктеліп жасалады және үш жағының шеттері алтын түстес жібек шашақпен көмкеріледі.

Матаның беткі жағының орта тұсында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының контуры алтын түсті жібек жіппен жапсыра тігілген, бейненің көлемі биіктігі бойынша 50 см. Матаның жоғарғы жақ шетінде – "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ", ал төменгі жағында "ОТАН ҮШІН" деген жазулар алтын түстес жібек жіппен кестеленген, жазу әріптерінің биіктігі – 7,5 см.

Матаның сырт жағының ортасында – жер шарының айшықты контуры, оның ішінде "жел бағыты" мен азаматтық қорғаныстың халықаралық белгісі (қызғылт-сары түстес шеңбер ішіндегі көгілдір үшбұрыш) бейнеленген, жер шарының айшықты контурының астында қалықтаған қыран, ал төменгі жиегінде – "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КОМИТЕТІ" деген жазу бар. Жазу әріптерінің көлемі – 6 см. Жер шарының айшықты контурының үстінде алтын түстес жібек жіппен "МІНДЕТ, АБЫРОЙ, ЕРЛІК" деген жазу кестеленген. Жазу әріптерінің биіктігі – 7,5 см.

Матаның бетінің сол жағында оны ағаш сапқа өткізуге арналған диаметрі 4 см тесік бар. Ағаш саптың өн бойында матаның екі жағында ұлттық оюмен өрнектелген тік жолақ бар.

Жалаудың сабы дөңгелек қималы ағаштан жасалған, диаметрі 4 см, ұзындығы 250 см. Сап қою қоңыр түске боялған, лакталған және төменгі ұшында – металдан жасалған шығыршығы, ал жоғарғы ұшында алтын түсті әшекейлі ұштығы бар.

Жалаудың алтын түсті жібек жіппен ширатылып жасалған баудың, ұштарында қос шашағы бар. Баудың ұзындығы – 270-285 см.

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосы жалауының суреті осы сипаттамаға қосымшаға сәйкес белгіленген.

Азаматтық қорғау саласындағы  
уәкілетті орган ведомствосы  
жалауының сипаттамасына  
ҚОСЫМША





Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2017 жылғы  
№ Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

## **Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосы рәмізінің сипаттамасы**

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының рәмізі қызыл жолақпен жиектелген көгілдір түсті шеңбер салынған сегізбұрышты жұлдызды білдіреді. Шеңбер жиегінің бойымен алтын түсті әріппен жоғары жағында "ҚАЗАҚСТАН", солдан оңға қарай "ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ", жиегінің бойымен шеңбердің ішінде "АР-НАМЫС ПЕН БОРЫШ – ОТАН ҚЫЗМЕТІНЕ!" деп жазылған. Шеңбердің ортасында – "жел бағыты" мен азаматтық қорғаныстың халықаралық белгісі (қызылт-сары түстес шеңбер ішіндегі көгілдір үшбұрыш) бар жер шарының айшықты контурының бейнесі. Жер шары контурының астында – қалықтаған қыран контуры, төменірек қызыл әріптермен "ТЖК" аббревиатурасы. "Жел бағыты" мен өрнектің, "АР-НАМЫС ПЕН БОРЫШ – ОТАН ҚЫЗМЕТІНЕ!" деген жазу, "ТЖК" аббревиатурасы, жер шары мен қыран контурларының бейнесі – алтын түсті. Жер шары мен қыран контурларының ішкі кеңістігі – көк түсті.

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосы рәмізінің бейнесі осы сипаттамаға қосымшаға сәйкес белгіленген.

Азаматтық қорғау саласындағы

уәкілетті орган ведомствосы  
рәмізінің сипаттамасына  
ҚОСЫМША



Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2017 жылғы  
№ Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері жалауларының сипаттамасы**

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің жалауы екі жақты матадан, ағаш саптан және шашақтары бар баудан тұрады.

Жалаудың матасы тік бұрышты, көлемі: ұзындығы – 150 см, ені – 100 см, көгілдір түсті жібек файдан екі бүктеліп жасалады және үш жағының шеттері алтын түстес жібек шашақпен көмкеріледі.

Матаның беткі жағының орта тұсында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының контуры алтын түсті жібек жіппен жапсыра тігілген, бейненің көлемі бойынша биіктігі 50 см. Матаның жоғарғы жақ шетінде – "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ", ал төменгі жағында "ОТАН ҮШІН" деген жазулар алтын түстес жібек жіппен кестеленген, жазу әріптерінің биіктігі – 7,5 см.

Матаның сырт жағының ортасында – жер шарының айшықты контуры, оның ішінде "жел бағыты" мен азаматтық қорғаныстың халықаралық белгісі (қызғылт-сары түстес шеңбер ішіндегі көгілдір үшбұрыш) бейнеленген, жер шарының айшықты контурының астында – қалықтаған қыран, ал төменгі шетінде – азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің мемлекеттік тілдегі атауы жазылған. Жазу әріптерінің көлемі – 6 см. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің атауындағы сөздердің санына қарай әріптердің көлемі 4 см дейін кішірейтілуі мүмкін. Жер шарының айшықты контурының үстінде алтын түстес жібек жіппен "МІНДЕТ, АБЫРОЙ, ЕРЛІК" деген жазу кестеленген. Жазу әріптерінің биіктігі – 7,5 см.

Матаның бетінің сол жағында оны ағаш сапқа өткізуге арналған диаметрі 4 см тесік бар. Ағаш саптың өн бойында матаның екі жағында ұлттық оюмен өрнектелген тік жолақ бар.

Жалаудың сабы дөңгелек қималы ағаштан жасалған, диаметрі 4 см, ұзындығы 250 см. Сап қою қоңыр түске боялған, лакталған және төменгі ұшында – металдан жасалған шығыршығы, ал жоғарғы ұшында алтын түсті әшекейлі ұштығы бар.

Жалаудың алтын түсті жібек жіппен ширатылып жасалған бауы, ұштарында қос шашағы бар. Баудың ұзындығы – 270-285 см.

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері жалауының суреті осы сипаттамаға қосымшаға сәйкес белгіленген.

Азаматтық қорғау саласындағы  
уәкілетті орган ведомствосының  
аумақтық бөлімшелері  
жалауларының сипаттамасына  
ҚОСЫМША





Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2017 жылғы  
№ Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

### **Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының білім беру ұйымдары жалауларының сипаттамасы**

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының білім беру ұйымының жалауы екі жақты матадан, ағаш саптан және шашақтары бар баудан тұрады.

Жалаудың матасы тік бұрышты, көлемі: ұзындығы – 150 см, ені – 100 см, көгілдір түсті жібек файдан екі бүктеліп жасалады және үш жағының шеттері алтын түстес жібек шашақпен көмкеріледі.

Матаның беткі жағының орта тұсында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының контуры алтын түсті жібек жіппен жапсыра тігілген, бейненің көлемі бойынша биіктігі 50 см. Матаның жоғарғы жақ шетінде – "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ", ал төменгі жағында "ОТАН ҮШІН" деген жазулар алтын түстес жібек жіппен кестеленген, жазу әріптерінің биіктігі – 7,5 см.

Матаның сырт жағының ортасында – жер шарының айшықты контуры, оның ішінде "жел бағыты" мен азаматтық қорғаныстың халықаралық белгісі (қызғылт-сары түстес шеңбер ішіндегі көгілдір үшбұрыш) бейнеленген, жер шарының айшықты контурының

астында қалықтаған қыран, ал төменгі шетінде – азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының білім беру ұйымының мемлекеттік тілдегі атауы жазылған. Жазу әріптерінің көлемі – 6 см. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының білім беру ұйымының атауындағы сөздердің санына қарай әріптердің көлемі 4 см дейін кішірейтілуі мүмкін. Жер шарының айшықты контурының үстінде алтын түстес жібек жіппен "МІНДЕТ, АБЫРОЙ, ЕРЛІК" деген жазу кестеленген. Жазу әріптерінің биіктігі – 7,5 см.

Матаның бетінің сол жағында оны ағаш сапқа өткізуге арналған диаметрі 4 см тесік бар. Ағаш саптың өн бойында матаның екі жағында ұлттық оюмен өрнектелген тік жолақ бар.

Жалаудың сабы дөңгелек қималы ағаштан жасалған, диаметрі 4 см, ұзындығы 250 см. Сап қою қоңыр түске боялған, лакталған және төменгі ұшында – металдан жасалған шығыршығы, ал жоғарғы ұшында алтын түсті әшекейлі ұштығы бар.

Жалаудың алтын түсті жібек жіппен ширатылып жасалған бауы, ұштарында қос шашағы бар. Баудың ұзындығы – 270-285 см.

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының білім беру ұйымдары жалауының суреті осы сипаттамаға қосымшаға сәйкес белгіленген.

Азаматтық қорғау  
саласындағы уәкілетті орган  
ведомствосының білім беру  
ұйымдары жалауларының  
сипаттамасына  
ҚОСЫМША



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК